



Дуалды оқытудың маңызы мен модульді бағалау жүйесінің рөлі

Болашақ техника және технологиялар бакалаврларын оқытуда практикалық дайындықтың үлкен маңызы бар. Машиналар мен жабдықтардың конструкцияларын жасауда машина жасаушы маман олардың белгілі бір эксплуатациялық қасиеттерін, жұмысының сенімділігі мен ұзақмерзімділігін қамтамасыз ету керек.

Осыған байланысты болашақ инженердің теория жағынан да, машиналар мен жабдықтарды құрастыру мен есептеуде де, технология саласында да білімі болғаны абзал. Осы ретте пәндердің теориялық бөлімімен танысумен қатар Оқу ғылыми-өндірістік комбинат құрамына кіретін өндірістік базаларында білім алушылардың практикалық және зертханалық сабақтары өндірістік жағдайларда өткізілетін дуалды оқыту әдістерін қолдану өте тиімді тәсіл болып келеді.

Қазіргі таңда техникалық ЖОО бітірушілерінің қарапайым бөлшектер мен бұйымдар сызбаларын сыза алмай, оларды оқып түсінуінің өзінде әлсіздік танытатыны өкінішке орай белгілі нәрсе. Өндіріс жағдайында дуалды оқыту бұл келеңсіздікті азайтуға ықпалын тигізеді.

«Машина жасау өндірісінің технологиялық процестері», «Конструкциянды материалдар технологиясы» сынды пәндер дайындамалар мен бөлшектерді алу мен өңдеудің көптеген әдіс-тәсілдерімен, әрбір тәсілдің технологиялық мүмкіншіліктерімен, соған қатысты көптеген анықтамалар мен технологиялық терминдердің қолданылуымен ерекшеленеді. Одан бөлек, бұл пәндер өте қысқа мерзімде оқытылғандықтан білім алушыларда қиындықтар туатыны сөзсіз. Бұл пәндерден дәріс сабақтары курстық жұмыстармен, есептеу-сызбалық, есептеу-практикалық жұмыс түріндегі үй тапсырмаларымен толықтырылып отыру керек.

Білім алушылар үшін ол артықшылықтар мыналармен сипатталады:

- оқу рейтингісі студенттердің өзіндік жұмыстарын белсендіреді, оны семестр бойына жүйелі етуге ықпалын тигізеді;

- білім алудың оңтайлы мотивациясы қалыптасады;

- өздігінен жұмыс жасау, бастамашылдық, жауапкершілік, шығармашылық, бәсекеге қабілеттілік, қамқорлық ынталандырылады;

- студент өздігінен ғылыми ізденуге бағытталады, бұл оның тұлға ретінде интеллектуалды дамуына әсерін тигізеді;

- білімді объективті бағалау жоғарылайды;

- емтихандар мен сынақтар кезінде жүктемелер азаяды;

- қабылданған білім тереңірек, әрі мықтырақ;

- оқу процесінен жекелей қанағаттанады.

Оқытушылар үшін де анық артықшылықтар байқалады:

- жекелей оқыту мен сараланған тәсілдерді қолдана алу;

- оқу процесінде студенттерге көмек беру және семестр бойына жүктемелі дұрыс бөлу мүмкіндігінің болуы;

- қорытынды емтиханда білімдерін тексеру кезінде көбіне пайда болатын жанжалдардан аулақ болу.

Оқу процесін белсендірудің маңызды мәселелерінің бірі – студенттерді пәнді оқуда алынған ақпараттарды қабылдау деңгейін жоғарылатуға жарамды жеке дәрістер конспектілерімен қамтамасыз ету болып табылады.

Модульдік бағалау жүйесі студенттердің оқуына жеткілікті мотивацияны қамтамасыз етуге бағытталған.

Оқу материалы көлемінің үлкендігі мен оны меңгеруге оқу жоспарларымен

бөлінетін уақыттың шектеулігіне байланысты оқу үрдісін үнемі белсендіріп отыру қажет. Сондықтан соңғы жылдары материалды түсіндіру логикасын жақсартуға көп назар түсіріліп отыр.

Студенттердің ағымдағы бақылауын жүйелі түрде бақылау материалдың қабылдану деңгейін, білім алу процесіне деген көзқарасты, білім алуда студенттердің өзіндік жұмысының үлесін білуге мүмкіндік береді. Ағымдағы үлгерімді бақылау толық, шынайы және объективті болуы тиіс.

Межелік бақылау нәтижелерін саралау білім алушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты орнатып, дәріс оқу процесінде өзгертулер енгізуге және емтихан нәтижелерін болжауға көмектеседі.

Қазіргі кезде студенттердің өзіндік жұмысының негізгі түрі - оқылған дәрістер мен оқулықтарды пысықтау болып қалып отыр. Көбіне оқытушы сипаттайтын, түсінуге жеңіл сұрақтарды дәріс кезінде қарастырмай, студенттерге өздігінен ізденуге ұсынады.

Студенттердің өздігінен жұмыс жасай білу қабілетінің дамуына зертханалық жұмыстың есебін дайындау да үлкен септігін тигізеді.

Осы айтылғандардың барлығын студенттердің оқуға жеткілікті мотивациясын қамтамасыз етуге арналған оқытудағы модульдік бағалау жүйесінде ескеріп қолдануға болады. Модульдік бағалау жүйесі дайындықтың жоғары сапасын кепілдендіріп, студенттерді оқуды бітіргеннен соң кәсіби қажеттіліксіздіктен қорғайды.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Механика және машина жасау» кафедрасының профессорлары, техника ғылымдарының докторлары К.К.Сейтказенова, В.Н. Печерский, аға оқытушы, магистр Қазтуғанова Г.А.